## "Назарбаев Зияткерлік мектептері" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 маусымдағы N 586 Қаулысы

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.08 N 911 Қаулысымен.

"Өркен" акционерлік қоғамын құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы N 452 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Назарбаев Зияткерлік мектептері" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамын сайлауды қамтамасыз етсін;

2) екі ай мерзімде үш тәуелсіз директорлардың кандидатурасы бойынша ұсыныс енгізсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.08 N 911 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 16 маусымдағы
N 586 қаулысына
қосымша

## "Назарбаев Зияткерлік мектептері" акционерлік қоғамының директорлар кеңесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.08.06 N 1184, 2009.11.30 N 1967, 2010.03.19 № 221, 2010.09.08 N 911 Қаулыларымен.

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі

| | |
|---|---|
| Кармазина Лена Мағауияқызы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Даленов Руслан Ерболатұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы | - "Өркен" акционерлік қоғамының басқарма төрайымы |
| Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі |
| Келімбетов Қайрат Нематұлы | - Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат коры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы |
| Томас Кучера | - тәуелсіз директор |
| Чарман Кеннес Пол | - тәуелсіз директор |
| Мурзабекова Светлана Викторовна | - тәуелсіз директор |
| Даниэль Бэстиэн | - тәуелсіз директор |
| Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары», |
| Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы | - «Назарбаев, Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның президенті |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК